



САРҚАН

Ауданның қоғамдық-саяси апталық газеті

Газет 1933 жылғы мамырдан шығады

• www.sarkan-gazeta.kz

• e-mail: Igiman01@mail.ru

• №32 (9586) 9 тамыз 2024 ж.

✿ 11 тамыз- Құрылысшылар күні

Түгін тартсаң майы шығатын құнарлы, аграрлы, саялы Сарқан өлкесі бүгінде өркендеп келе жатқан аймақтың бірі. Осыған орай, аудан орталығына барып, тыныс-тіршілігімен танысып, барлық жаңалығынан құлағдар болдық. Еңсе көтеріп, елге сүйіншілейтін жаңалық аз емес.

Тілшілерді аудан әкімі Ғалымжан Маманбаев қарсы алып, өңірде атқарылып жатқан шаруаларды айтып, алдағы жоспарымен бөлісті. Аудан әкімі алдымен қарқынды жүріп жатқан құрылыс жұмыстарына тоқталды.

Аудан орталығында салынып жатқан 120 пәтерлі 5 қабатты екі тұрғын үйдің құрылыс жұмыстарын көрдік. «Болашақ» шағын ауданындағы үйлерді «Компания строй индустрия» ЖШС салуда. 5 қабатты екі тұрғын үйде 60 үш бөлмелі, 30 екі бөлмелі, 30 бір бөлмелі пәтер бар. Бұлардың барлығы тұрғын үй кезегінде тұрған адамдарға беріледі. Құрылыстың 85 пайызы аяқталыпты. Бүгінде екі үйде 30-ға жуық құрылысшы жұмыс істеуде. «Үйдің ішкі жұмыстары ғана қалды. Тұрғын үйді сапалы әрі жоспарға сай өткіземіз», – дейді мамандар.

Сонымен қатар келесі жылы дәл осы үйдің қасынан тағы да 120 пәтерлі көпқабатты екі үй салынбақ.

170 ТҰРҒЫН БАСПАНАЛЫ БОЛАДЫ



Ол кредиттік негізде берілмек. Бұдан бөлек тұрғындардың жол қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында Бөгенбай батыр, Буашев, Тәуелсіздік және Қонаев көшелерінің бойына жаяу жүргіншілер жолдары салынып, абаттандырылуда.

Осыдан кейін Мәңгілік ел көшесінде тұрғын үй кезегіндегі азаматтар үшін салынып жатқан 50 жаңа үйдің құрылысын көрдік. Бұл үйді инвесторлар өздері салып жатыр екен. Жергілікті әкімдік пен құрылысқа жауапты «TEMIR STROY ALATAU» ЖШС арасында «Тұрғын үй салу, сатып алу» меморандумы жасалыпты.

– 3 бөлмелі 50 пәтерді инвестор-

лар өз қаржысына салып жатыр. Содан кейін біз үйлердің сапасын тексеріп, сатып аламыз. Бір үйдің құны 17 млн. 652 мың теңге болады. Бір үй 60 ш.м. Аумағы 10 сотық. Сондай-ақ, инвесторлар үйдің сыртын қоршап, көмір қора салып береді. Тамыз айында алғашқы 15 үйді сатып аламыз деп жоспарлап отырмыз, – дейді аудандық құрылыс бөлімінің басшысы Мұратбек Рымбаев.

Жыл соңына дейін құрылыс жұмыстары толық аяқталады.

А. НАЗАРҰЛЫ.

САРҚАН АУДАНДЫҚ АУМАҚТЫҚ САЙЛАУ КОМИССИЯСЫНЫҢ ҚАУЛЫСЫ

Сарқан ауданы Лепсі ауылдық округінің сайланған әкімін тіркеу туралы

«Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасы Конституциялық заңының 14-бабының 9) тармақшасына, 45-бабына, 46-бабы 3-тармағының 2) тармақшасына және 113-11 бабының 1-тармағына сәйкес Сарқан аудандық аумақтық сайлау комиссиясы ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Қияс Ақтөре Лепсі ауылдық округінің әкімі болып тіркелсін.
2. Сайланған әкімге тиісті куәлік берілсін.
3. Сайланған әкімді тіркеу туралы хабар бұқаралық ақпарат құралдарында жариялансын.

Төраға М.Естеуов
Хатшы Ш.Нурғалиева

ПОСТАНОВЛЕНИЕ САРКАНСКОЙ РАЙОННОЙ ТЕРРИТОРИАЛЬНОЙ ИЗБИРАТЕЛЬНОЙ КОМИССИИ

О регистрации избранного акима Лепсинского сельского округа Сарканского района

В соответствии с подпунктом 9) статьи 14, статьей 45, подпунктом 2) пункта 3) статьи 46 и пунктом 1 статьи 113-11 Конституционного закона Республики Казахстан «О выборах в Республике Казахстан» Сарканская районная территориальная избирательная комиссия ПОСТАНОВЛЯЕТ:

1. Зарегистрировать акимом Лепсинского сельского округа Қияс Ақтөре.
2. Вручить избранному акиму соответствующее удостоверение.
3. Опубликовать в средствах массовой информации прилагаемое сообщение о регистрации избранного акима.

Председатель М.Естеуов
Секретарь Ш.Нурғалиева

КОНКУРСҚА ӨТІНІМ ҚАБЫЛДАУ БАСТАЛДЫ



ҮЕҮ АРНАЛҒАН СЫҰЛЫҚАҚЫ ПРЕМИЯ ДҰЯ НПО

Үкіметтік емес ұйымдарға арналған сыйлықақы алу үшін жыл сайын өтетін конкурсқа өтінім қабылдау басталды. Конкурсның мақсаты – ҮЕҰ әлеуетін нығайтуға және қоғамдық пайдалы жобаларды іске асыру үшін, олардың мотивациясын арттыруға бағытталған маңызды институционалдық қолдау көрсету.

Сыйлық 16 әлеуметтік маңызды бағыт бойынша беріледі, ал бір салаға арналған сыйлықақы мөлшері 2000 АЕК құрайды.

Айта кетейік, соңғы 7 жылда 420 ҮЕҰ қоғамдық мәселелерді шешуге өз үлесін қосып, осы беделді марапатқа ие болды.

Қоғам өміріне белсенді араласатын, өз саласында көшбасшы атанған, әлеуметтік мәселелерді шешуге елеулі үлес қосқан және инновациялық идеяларды іске асырған ұйымдар конкурсқа қатысуға өтінім бере алады. Өтінімдерді қабылдау 2024 жылғы 2 қыркүйекте Астана уақыты бойынша сағат 18:30-да аяқталады.

Қатысу шарттары туралы толық ақпарат мына сілтеме бой-

ынша қолжетімді: www.gov.kz/memleket/entities/mam/documents/details/685056?lang=kk

Қосымша ақпарат алу үшін мына телефондарға хабарласуға болады: +7 (7172) 74-09-97, 74-13-41, 74-02-17.

ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігінің баспасөз қызметі.

АУДАНДЫҚ САЙЛАУ КОМИССИЯСЫНЫҢ ҚАУЛЫСЫ

Сарқан ауданы Бақалы ауылдық округі әкімін тағайындау жөніндегі сайлау туралы

Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы Қазақстан Республикасы Конституциялық заңының 113-1 бабына сәйкес Сарқан аудандық сайлау комиссиясы ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Сарқан ауданының Бақалы ауылдық округінің әкімін сайлауы 2024 жылғы 15 қыркүйекке тағайындалсын.

2. Сарқан аудандық Бақалы ауылдық округінің әкімін сайлауын дайындау мен өткізу жөніндегі негізгі іс-шаралардың Күнтізбелік жоспары осы қаулының қосымшасына сәйкес бекітілсін.

3. Осы қаулы Сарқан ауданы әкімдігі сайтының «Сайлау» интернет-парақшасына, «sarkan_sailau» инстаграмына және жергілікті аудандық «SARQAN» газетінде жариялансын.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау аудандық сайлау комиссиясының хатшысы Ш.Нурғалиеваға жүктелсін.

Төраға
Хатшы

М. Естеуов
Ш. Нурғалиева

АУМАҚТЫҚ САЙЛАУ КОМИССИЯЛАРЫ

Сарқан аудандық аумақтық сайлау комиссиясы

Орталығы: Сарқан қ., «Ардагерлер үйі», Қабанбай батыр к-сі, 24 а, тел. 8 (72839) 21996.

Комиссия төрағасы – Естеуов Муратбек Қасымбекович

Комиссия төрағасының орынбасары – Кабдолданова Салтанат Сакеновна

Комиссия хатшысы – Нурғалиева Шолпан Каналовна

Комиссия мүшелері: Маткаримов Нурахмет Жанахметович, Аскарова Айгүл Оразғалиевна, Баяхмет Гүлжан Ерғазықызы, Сыдыков Алмаз Сыдыкович.

САРҚАН АУДАНДЫҚ САЙЛАУ КОМИССИЯСЫ УЧАСКЕЛІК САЙЛАУ КОМИССИЯСЫНЫҢ ҚҰРАМЫН ЖАРИЯЛАЙДЫ

(п. 2, 17-құжат)

Бақалы ауылдық округі

№ 366 учаскелік сайлау комиссиясы

Орталығы: Бақалы ауылы, М. Арын к-сі, 10., МКҚК «Сарқан әкімінің ауылдық Мәдениет үйі» заңды ұйымының №8 филиалы «Бақалы селолық Мәдениет үйі», тел. 8 (72839) 52329, 29744

Комиссия төрағасы – Курманғалиева Сауле Токтасыновна.

Комиссия төрағасының орынбасары – Мухаметқалиева Гизада Толегеновна.

Комиссия хатшысы – Жанекенова Асель Жумасиловна.

Комиссия мүшелері – Еркасимова Лаура Ертаевна, Нағыманов Жандос Абыкенович

№ 367 учаскелік сайлау комиссиясы

Орталығы: Қазыбаев ауылы, Жаңақұрлыс к-сі, 3, «Жетісу облысы білім басқармасының Сарқан ауданы бойынша білім бөлімі» ММ «К.Қазыбаев атындағы орта мектебі мектепке дейінгі шағын орталығымен және Ағарту, Тасқұдық бастауыш мектептерімен» КММ, тел. 8 (72839) 29732.

Комиссия төрағасы – Кутбаева Назерке Советбаевна.

Комиссия төрағасының орынбасары – Исмаилова Марал Муратовна.

Комиссия хатшысы – Айдаулетова Галина Жумажановна.

Комиссия мүшелері – Омарова Бибигүл Есболатовна, Молдажанова Маржан Касымхановна

№ 368 учаскелік сайлау комиссиясы

Орталығы: Тасқұдық ауылы, Тасқұдық к-сі, 1, «Жетісу облысы білім басқармасының Сарқан ауданы бойынша білім бөлімі» ММ «К.Қазыбаев атындағы орта мектебі мектепке дейінгі шағын орталығымен және Ағарту, Тасқұдық бастауыш мектептерімен» КММ, тел. 8 (72839) 29230.

Комиссия төрағасы – Батырбекова Самал Серикказиновна.

Комиссия төрағасының орынбасары – Иманғалиева Айнагуль Серикжановна.

Комиссия хатшысы – Намысбекова Назым Болатбековна.

Комиссия мүшелері – Абдуалиева Акбөпе Темиргалиевна, Хусаинова Айсулу Бисултановна.

САРҚАН АУДАНЫ БОЙЫНША САЙЛАУ УЧАСКЕСІНІҢ ШЕКАРАСЫ

366 сайлау учаскесі.

Орталығы: Бақалы ауылы, М. Арын к-сі 10, МКҚК «Сарқан әкімінің ауылдық «Мәдениет үйі» заңды ұйымының №8 филиалы «Бақалы селолық Мәдениет үйі». тел. 8(72839)52329, 29744.

Шекарасы: Бақалы ауылы.

367 сайлау учаскесі.

Орталығы: Қазыбаев ауылы, Жаңақұрлыс к-сі 3, «Жетісу облысы білім басқармасының Сарқан ауданы бойынша білім бөлімі» ММ «К.Қазыбаев атындағы орта мектебі мектепке дейінгі шағын орталығымен және Ағарту, Тасқұдық бастауыш мектептерімен» КММ, тел. 8 (72839) 29732.

Шекарасы: Қазыбаев ауылы.

368 сайлау учаскесі.

Орталығы: Тасқұдық ауылы, Тасқұдық к-сі 1, «Жетісу облысы білім басқармасының Сарқан ауданы бойынша білім бөлімі» ММ «К.Қазыбаев атындағы орта мектебі мектепке дейінгі шағын орталығымен және Ағарту, Тасқұдық бастауыш мектептерімен» КММ, тел. 8 (72839) 29230.

Шекарасы: Тасқұдық ауылы.

ПОСТАНОВЛЕНИЕ РАЙОННОЙ ИЗБИРАТЕЛЬНОЙ КОМИССИИ

О назначении выбора акима Бакалинского сельского округа Сарканского района

В соответствии со статьей 113-1 Конституционного закона Республики Казахстан «О выборах в Республике Казахстан» Сарканская районная избирательная комиссия ПОСТАНОВЛЯЕТ:

1. Назначить выборы акима Бакалинского сельского округа Сарканского района на 15 сентября 2024 года.

2. Утвердить Календарный план основных мероприятий по подготовке и проведению выбора акима Бакалинского сельского округа Сарканского района согласно приложения к настоящему постановлению.

3. Опубликовать настоящее постановление на интернет-странице «Выборы» сайта акимата Сарканского района, инстаграмм «sarkan_sailau» и районной газете «SARQAN».

4. Контроль за исполнением настоящего постановления возложить на секретаря районной избирательной комиссии Ш.Нурғалиеву.

Председатель
Секретарь

М. Естеуов
Ш. Нурғалиева

ТЕРРИТОРИАЛЬНЫЕ ИЗБИРАТЕЛЬНЫЕ КОМИССИИ

Сарканская районная территориальная избирательная комиссия

Центр: г. Саркан, «Ардагерлер үйі», ул. Кабанбай батыра, 24 а, тел. 8 (72839) 21996.

Председатель комиссии – Естеуов Муратбек Қасымбекович

Заместитель председателя комиссии – Кабдолданова Салтанат Сакеновна

Секретарь комиссии – Нурғалиева Шолпан Каналовна

Члены комиссии: Маткаримов Нурахмет Жанахметович, Аскарова Айгүл Оразғалиевна, Баяхмет Гүлжан Ерғазықызы, Сыдыков Алмаз Сыдыкович

САРКАНСКАЯ РАЙОННАЯ ИЗБИРАТЕЛЬНАЯ КОМИССИЯ ПУБЛИКУЕТ СОСТАВ УЧАСТКОВОЙ ИЗБИРАТЕЛЬНОЙ КОМИССИИ

(п.2, ст. 17)

Бакалинский сельский округ

Участковая избирательная комиссия № 366

Центр: с. Бакалы, ул. М. Арына, 10, «Филиал №8 в селе Бакалы» ГККП «Районный дом культуры акима Сарканского района» тел.8 (72839) 29744.

Председатель комиссии – Курманғалиева Сауле Токтасыновна.

Заместитель председателя комиссии – Мухаметқалиева Гизада Толегеновна.

Секретарь комиссии – Жанекенова Асель Жумасиловна.

Члены комиссии – Еркасимова Лаура Ертаевна, Нағыманов Жандос Абыкенович.

Участковая избирательная комиссия № 367

Центр: с. Казыбаев, ул. Жанақұрылыс, 3, КГУ «Средняя школа имени К.Казыбаева с дошкольным мини центром и Ағартуиским, Тасқұдықским начальными школами», ГУ «Отдел образования по Сарканскому району Управления образования области Жетісу», тел. 8 (72839) 29732.

Председатель комиссии – Кутбаева Назерке Советбаевна.

Заместитель председателя комиссии – Исмаилова Марал Муратовна.

Секретарь комиссии – Айдаулетова Галина Жумажановна.

Члены комиссии – Омарова Бибигүл Есболатовна, Молдажанова Маржан Касымхановна.

Участковая избирательная комиссия № 368

Центр: с. Тасқұдық, ул. Тасқұдық, 1, КГУ «Средняя школа имени К.Казыбаева с дошкольным мини центром и Ағартуиским, Тасқұдықским начальными школами», ГУ «Отдел образования по Сарканскому району Управления образования области Жетісу», тел. 8 (72839) 29230.

Председатель комиссии – Батырбекова Самал Серикказиновна.

Заместитель председателя комиссии – Иманғалиева Айнагуль Серикжановна.

Секретарь комиссии – Намысбекова Назым Болатбековна.

Члены комиссии – Абдуалиева Акбөпе Темиргалиевна, Хусаинова Айсулу Бисултановна.

ГРАНИЦЫ ИЗБИРАТЕЛЬНЫХ УЧАСТКОВ САРКАНСКОГО РАЙОНА

366 избирательный участок.

Центр: с. Бакалы, ул. М. Арына, 10, «Филиал № 8 в селе Бакалы ГККП «Районный дом культуры акима Сарканского района» Дом культуры им. М. Арына» Сарканского района пос. Бакалы, тел. 8 (72839) 29744

В границах: села Бакалы.

367 избирательный участок.

Центр: с. Казыбаев, ул. Жанақұрылыс, 3, КГУ «Средняя школа имени К.Казыбаева с дошкольным мини центром и Ағартуиским, Тасқұдықским начальными школами» ГУ «Отдел образования по Сарканскому району Управления образования области Жетісу», тел. 8 (72839) 29732

В границах: села Казыбаева.

368 избирательный участок.

Центр: с. Тасқұдық, ул. Тасқұдық, 1, КГУ «Средняя школа имени К.Казыбаева с дошкольным мини центром и Ағартуиским, Тасқұдықским начальными школами» ГУ «Отдел образования по Сарканскому району Управления образования области Жетісу», тел. 8 (72839) 29230.

В границах: села Тасқұдық.

Жартыжылдықта атқарылған жүйелі жұмыс

Сарқан ауданы бойынша 22 мекеме мемлекеттік қызметтерді көрсетеді, олар: – аудан әкімінің аппараты - 1, 13 ауылдық округтер әкімдерінің аппараттары, 6 аудандық бөлімдер. Аудан аумағында Мемлекеттік корпорацияның бөлімі (Халыққа қызмет көрсету орталығы) және Сарқан ауданының «Сервистік әкімдігі» Сарқан қаласында жұмыс жасайды.

2024 жылдың 6 айында жалпы көрсетілген мемлекеттік қызмет саны – 2470 (2313 жеке тұлға, 157 заңды тұлға) оның ішінде қағаз түрінде – 4 (4 жеке тұлға, 0 заңды тұлға), мемлекеттік корпорация арқылы көрсету мүмкіндігі болса да, қызметті берушілермен қағаз түрінде көрсетілген қызмет саны – 532 (497 жеке тұлға, 35 заңды тұлға), электрондық түрде мемлекеттік органның ақпараттық жүйелері арқылы көрсетілген мемлекеттік қызметтердің саны – 1934 (1812 жеке тұлға, 122 заңды тұлға).

2024 жылдың басынан мемлекеттік көрсетілетін қызметтердің сапасын арттыру мақсатында барлығы 62 іс-шара өткізілді (дөңгелек үстелдер, акциялар, жиындар мен семинарлар және т.б.). Мемлекеттік мекемелерде, көрсетілетін мемлекеттік қызметтер түрлері бойынша баннерлер, ақпараттық тақталар ілініп, электрондық қызметтерді насихаттау мақсатында 2 билборд орнатылып, 3 бейне ролик түсірілді. Көрсетілетін мемлекеттік қызметтердің алу тәртібі туралы және сапасын арттыру, электрондық мемлекеттік қызметтерді дамыту, насихаттау бойынша БАҚ-та 38 мақала жарияланды. Мемлекеттік мекемелердің қызметкерлерімен мемлекеттік қызметтерді электрондық үкімет порталы арқылы алуға бағытталған түсіндіру жұмыстары халық арасында үнемі насихатталып, жүргізілуде.

Сонымен қатар, «Қызмет лайф» жобасы аясында мекеме басшыларының, ауылдық округ әкімдерінің қатысуымен 7 тікелей эфир өткізілді.

Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер сапасын арттыруды бақылау бойынша құрылған арнайы талдау тобы 2024 жылға арналған іс-шаралар жоспарына сәйкес, 13 (аудандық мәдениет үйі, аурухана, Сарқан-Нұр, Алмалы, Бірлік, Теректі орта мектептері, спорт мектебі, политех, көп салалы колледж, Сенім, Мансап орталығы, Бақалы, Екіаша ауылдық әкімі аппараттары) мекемеге талдау жұмыстары жүргізіліп, тексеру барысында анықталған кемшіліктер бойынша хаттамалар толтырылып, және де



анықталған кемшіліктерді ретке келтіру үшін тиісті мерзімдер белгіленіп ұсыныс хат жолданды.

Қазақстан Республикасы 2013 жылғы 15 сәуірдегі «Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы» Заңы 11-бабының 12-тармағына және Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігі Төрағасының 2021 жылғы 1 шілдедегі №116 бұйрығымен бекітілген Мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын мемлекеттік бақылау қағидаларына, Сарқан ауданы әкімдігінің мемлекеттік мекемелері көрсететін мемлекеттік қызметтердің сапасына ішкі бақылау туралы іс – шаралар жоспарына сәйкес 2024 жылдың 7 айында төменде аталған мекемелер мен округтерге ішкі бақылау іс-шаралары жүргізілді. Атап айтқанда:

«Сарқан ауданының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі, автомобиль жолдары және тұрғын үй инспекциясы бөлімі», «Алмалы ауылдық округі әкімі аппараты», «Сарқан аудандық ішкі саясат, мәдениет, тілдер дамыту және спорт бөлімі», «Амангелді ауылдық округі әкімінің аппараты», «Черкасс ауылдық округі әкімінің аппараты», «Сарқан ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі», «Екіаша ауылдық округі әкімінің аппараты», «Қарабөген ауылдық округі әкімінің аппараты», «Сарқан ауданының ауыл шаруашылығы мен жер қатынастары бөлімі» мемлекеттік мекемесі, дайындалған актілердің саны - 9.

Ішкі бақылау нәтижесінде көрсетілетін қызметті алушылардан мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартымен ұсынуы айқындалмаған құжаттарды талап ету фактілері анықталмады.

Сонымен қатар, ішкі бақылау барысында Черкасс ауылдық округі әкімінің аппаратында көрсетілетін қызметті берушінің мемлекеттік қызмет регламентімен көзделген мемлекеттік қызметті көрсету

бизнес-процесстерін сақтау мерзімі талаптарға сәйкес емес.

1) 2023 жылғы 19 маусымдағы № 236 бұйрығына 10-қосымша Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2020 жылғы 1 қазандағы № 301 бұйрығының 10-қосымшасына «Сауда-саттықты (конкурстарды, аукциондарды) өткізуді талап етпейтін мемлекет меншігіндегі жер учаскелеріне құқықтарды алу» мемлекеттік қызметінің 1 этап бойынша «Е-лицензия» ақпараттық жүйесі арқылы 2024 жылғы 02 сәуір күні кері қайтарып алуға өтініш түсіп, 04 сәуір күні орындаушымен тіркеліп, 03 маусым күні округ әкіміменен қол қойылып, кешіктіріліп орындалған. НИКАД №KZ93RVX01047499, өтініш беруші Мамажанова Манат Байжигитовна.

2) НИКАД №KZ74RVX01072086, өтініш беруші Жандосов Елдос Жандосұлы, кері қайтарып алу туралы өтініш 06 мамырда түсіп, тіркелген. Орындалған уақыты 03 маусым. Осыған сәйкес, жауапты маманға ескерту түріндегі-тәртіптік шара қолданылды. Сонымен қоса, ішкі бақылау барысында анықталған кемшілік: Сарқан ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі мен Екіаша ауылдық округі әкімі аппаратында көрсетілетін мемлекеттік қызметтерге жауапты мамандардың мүгедектермен қарым-қатынас жасау дағдыларын үйренгендігі жөнінде, біліктілігін арттыру туралы дәлелді құжаттардың (сертификаттар, дипломдар және басқа) болмауы анықталып отыр. (үстіміздегі жылдың қараша айына қаражат қарастырылып жоспарлануда).

Барлығы 5 ұсыныс беріліп, оның ішінде 3 ұсыныс орындалып, қалған 2 ұсыныс біліктілікті арттыру бойынша орындалу мерзімі қараша айына жоспарлануда.

Сонымен қоса, шілде айының 25-29 күндері аралығында Сарқан ауданының ауыл шаруашылығы мен

жер қатынастары бөліміне ішкі бақылау жұмыстары жүргізілді. Ішкі бақылау барысында «Жер учаскелерін қалыптастыру жөніндегі жерге орналастыру жобаларын бекіту» мемлекеттік қызметі бойынша 9 мемлекеттік қызметтің тіркеу мерзімі бұзылғандығы анықталып отыр. Осы бойынша мекеме басшысының атына тәртіптік шара қолдану жөнінде ұсыныс хат жолданды.

Сонымен қоса, 2024 жылғы ақпан айында тіркеу мерзімі бұзылып көрсетілген қызметтер бойынша Қойлық ауылдық округі әкімі аппаратының жауапты маманына шара қолданылып, айыппұл салынса, мамыр айында «Сарқан ауданының ауыл шаруашылығы мен жер қатынастары бөлімі» мемлекеттік мекемесі «Жер учаскесін қалыптастыру жөніндегі жерге орналастыру жобасын бекіту» мемлекеттік көрсетілетін қызметі бойынша 1 өтініш мерзімі бұзылып көрсетілген. 2024 жылғы 17 мамыр күні 16 сағ. 23 минутында түседі. Орындау мерзімі 22 мамыр. Өтініш №KZ25RVD02813808, өтініш иесі Раимбеков А.Н. өтініш 17.05.2024 жылы тіркеліп, орындаушы Г.Шариповамен өтініш 22.05.2024 ж. бұйрық жобасы әзірленіп сағат 16:30 да қол қоюға басшы Ж.Өмірсадыққа жолданған. Ауа райының қолайсыздығынан жарық сеніп, өтініш келесі күні, яғни 23.05.2024 жылы сағат 09:29 қол қойылған.

Осыған байланысты, анықталған кемшілікке сәйкес, Сарқан аудандық ауыл шаруашылығы мен жер қатынастары бөлімінің басшысы Ж.Т.Өмірсадыққа 2024 жылғы 12 шілдедегі №115 өкімімен «ескерту» түріндегі тәртіптік шара қолданылды. Сарқан ауданы бойынша көрсетілетін мемлекеттік қызметтерді оңтайландыру және сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін төмендетуге бағытталған шараларды қабылдау жөніндегі жұмыстардың орындалуы қатаң бақылауда.

Есепті мерзім ішінде азаматтардан мемлекеттік қызмет көрсету бойынша арыз – шағымдар түскен жоқ. Көрсетілетін қызметті алушыға мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тартулар болмады.

Бекітілген Сарқан ауданы жергілікті атқарушы органдарының мемлекеттік қызметтерді көрсету саласындағы заңнаманы сақтау бойынша 2024 жылға арналған ішкі мемлекеттік бақылау жоспарына сәйкес жүргізіліп, толық орындалғандығын хабарлаймын.

Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер бойынша біліктілікті арттыру курстарынан Бақалы ауылдық округі әкімі аппаратының бас маманы Ерланұлы Ұлан өтіп, «Ең алдымен адамдар. Адамдарға бағдарланған мемлекет» атты курсының сертификатын алды.

Ө.КӨПБАЕВА,
аудан әкімі аппаратының
мемлекеттік қызметтер мониторингі
және ақпараттық технологиялар
бөлімшесінің басшысы.

Парк аумағындағы өсімдіктергі бақылау жұмыстары

«Жоңғар Алатауы МҰТП» РММ аумағында таралған өсімдіктер дүниесі өте бай. Парк аумағында В.П.Голоскоковтің көзқарасы бойынша 1600-ден астам өсімдік түрлері таралған, осы таңда парк ғылыми қызметкерлері және басқа Ғылыми зерттеу мекемелерінің қызметкерлерінің зерттеу жұмыстарының нәтижесінде 845 түрлі өсімдік түрлері анықталып отыр. Парктің құрылғанына небәрі 12 жыл болды, сонымен қатар парк аумағындағы өсімдіктер дүниесі өте бай болғандықтан әлі де талай ашылмаған сырлары өте көп.

"Жоңғар Алатауы" МҰТП аумағында

өсімдіктер дүниесіндегі өзгерістер мен құбылыстарды зерттеу мақсатында үнемі Ғылыми зерттеу жұмыстары жүргізіліп отырады. Соның ішінде жыл сайын Табиғат жылнамасы зерттеу жұмысы үздіксіз жүргізіледі. Табиғат жылнамасы бағдарламасы бойынша өсімдіктер қауымдастығының жай-күйін бақылау мақсатында фенологиялық және мониторингтік бақылау жұмыстары жүргізіледі.

Парк аумағында фенологиялық бақылау жүргізуге арналған 12, мониторингтік бақылау жүргізуге арналған 16 алаңдар мен объектілер бар.

Фенологиялық алаңдар мен

объектілерде вегетациялық маусым кезінде тұрақты мемлекеттік инспектор үздіксіз бақылау жүргізіп отырады. Барлық байқалған құбылыстар мемлекеттік инспектордың бақылауға арналған арнайы журналына жазылады. Ол деректер ғылым бөлімінде зерттеліп, деректер өткен жылдардағы деректермен салыстырылып отырады. Егер қандай да бір ауытқулар байқалса оның себебі зерттеледі, алдын алынады.

Мониторингтік алаңдар мен объектілерде вегетациялық маусым кезінде 1-3 рет мониторингтік бақылау жүргізіліп отырады. Мониторингтік бақылауды ғылыми бөлімнің ғылыми қызметкерлері жүргізеді.

Анықталған деректер зерттеліп, жыл сайынғы Табиғат жылнамасына жазылып отырады.

Ж.НУРГОЖАНОВА,
«Жоңғар Алатауы МҰТП» РММ
ғылым бөлімінің аға ғылыми
қызметкері.

Орманды өрттен сақтайық

Мемлекетіміздің басты байлығы саналатын табиғат, табиғи ресурстарды сақтау адамзаттың қастерлі парызы саналады. Өйткені, келешек ұрпақтың ырыс-құтты, бақ-берекелі болуы бізден қалған байлыққа тікелей байланысты. Сондықтан да «атадан мал қалғанша, тал қалсын» деген тәмсілге сүйеніп, табиғи қорларды көздің қарашығындай сақтауымыз керек.

Орман үшін басты жау – өрт. Орман өртенген кезде құрт-құмырсқалар жүйесі жойылады, топырақтың құнарлылығы нашарлайды, аң-құстардың жойылады және төлдейтін мекені ауысады. Табиғаттағы осындай бүкіл жүйені қалыпқа келтіру үшін бір ғасырдан астам уақыт керек. Сол үшін табиғатты қорғайық.

Мұхтар АХАНОВ,
Берлітөбе орман шаруашылығы
коммуналдық мемлекеттік
мекемесінің №18 айналымның
орман күтушісі.

Әдебиет әлемі

Қанатты ақыннан қанатты жырлар туады. Туған бетте байыз таппай көкті шарлайды, оқырмандарын да шаттыққа бөлейді. Ол өлеңдер әрбір қараған сайын жаңа көрінеді, бұрын оқылмаған шығармадай тың ойлар тудырады. Мұндай ақынның, әрине, бастауын таудан алып, төскейдегі армандас мың бұлақтармен қосылып буырқана ағатын лепті өзендей ағысымен, ағынымен естен кетпейтін қуатты жырларына ден қоймай тұра алмайсың... Менің қиялымның Бауыржан Жақыптың кітаптарын парақтағанда бөлмеге сыймай, шартарапқа алып ұшатыны сондықтан болар.

ОЙ - СЕЗІМНЕН ҚАНАТ БАЙЛАМҒАН



Бүгінгі таңда сағымға, сағынышқа айналған студенттік жылдарды ұмыту мүмкін бе? Сол бір кезді еске алғанда жастықтың жасыл орманын бірге аралаған мақсаттас замандастарыңның кескін-кейпі көз алдыға келе қалады. Бізден кейінірек КазГУ-ге түскен талантты толқынның арасында "Қолтаңба", "Ұршық" атты өлеңдерімен-ақ өз қолтаңбасын айқындаған Бауыржан Жақыптың бітім-болмысы дараланып көрінеді.

Университеттен соң өзіме сыралғы аудандық газетке бардым да тұрақтап қалдым. Дегенмен аңсарым ару Алматы, ай аралатып әдеби-мәдени

шараларға қатысуға уақыт табамын да жас ақындардың ортасынан табыламын. Сол жылдары Бауыржанның жүрек бұлқынысынан туған өміршең өлеңдерімен жиі сусындап, аяқ алысына ризашылығымды білдіріп жүретінмін. Ол "көк жорға" өлеңін ерттеп мініп:

"Жел болып бірде азынасам,
От болып бірде маздасам,
Шашасына шаң жұқпас,
Шабытым барда жазбасам,
Несіне тудым ақын боп?!" десе иланбай тұра алмадым.

Биыл Мемлекеттік сыйлыққа ұсынылып отырған "Білте шамның жарығына"

дейін Бауыржан Жақыптың "Айдындағы аспан", "Уақыт ұршығы", "Абайдың Қасқабұлағы" "Елікөрген", "Менің далам" жинақтарындағы сыршыл өлеңдері оқырмандарын баурап алғаны ақиқат. Әдеби кеңістікте өз орнын тапқан ақынның өлеңдегі өзіне ғана тән өрнектері мойындалып үлгерді. Өзі оқыған оқу орнында оқытушы, кафедра меңгерушісі, факультет деканы, ректордың кеңесшісі болғанда, Қазақ энциклопедиясын басқарған жылдарында, Қазақстан Жазушылар одағы төрағасының орынбасарлығына сайланғанда да шығармашылығын бір сәт босаңсытқан емес. Бүгінгі әдеби үдерістің

тамыршысындай үлкендерге іні, кішілерге ақылшы аға бола білді.

"Қазақстаным,
Тәуелсіз Қазақстаным,
Ақ қанат таңның көрдім мен ғажап
ұшқанын.
Көрдім мен сенің мөп-мөлдір
айдындарыңды,
Алатау, Алтай, Қаратау-
айбындарыңды..."

деп елі мен жерінің ертеңіне қызықтыратын айтулы ақынның қаламынан туған лирикалық, патриоттық тақырыптағы төлтумалары жаныңды желпіндіреді, санаңды сілкіндіреді, танымыңды байытады.

Ақынның эпикалық ауқымы кең туындыларының бірі-"Жан даусы" поэма-сы. Басынан бағы жамыраған Абыралы туралы элегия бір ауылдың емес, Қазақ елінің ғана емес, жер-жаһанның зары, мұңы, қайғысы.

"Жыр жазған ақша бұлтқа тауың қайда,
Билейтін мың бұралып талдың қайда?
Салатын кешің қайда түрлі сурет,
Ән шырқап ататын ақ таңның қайда?
Сол таңның шық-моншағы,

лағыл қайда,
"Кел-кел" деп көзді арбайтын
сағым қайда?"

Абайдың жұртын іздеп келген жанның, Алдынан барлығы да табылмай ма?" деген қос шумақ ақынның жанайқайы. Зілзала зардабының салмағы поэманың "Дегелең тауының зары", "1949. Тамыздың жиырма тоғызы", "Қураған тоғайдың соңғы сөзі", "Боз даланың қасіреті", "Тартылған өзеннің мұңы" ... деп айдар тағылған тарауларында тереңдеп, жан азабы ауырлай түседі. Ақын көкірегін жарып шыққан жан айқайы уақыт өтсе де маңызын жоймайтын өлмес туындыға айналды.

Жомарт ИГМАН.

Ия, тылсым. Жауабын бір Алла ғана білетін шығар. Өз басымнан өткен. Біреу айтса не сенермін, не сенбеспін. Осы әңгімені оқып отырған адам да осыны айтар.

Жарайды, тікелей әңгіме көшейін. Біріншісі бала кезімде болған. Бастан кешкенім. Баламыз, сол бесінші, алтыншы класта оқитын болармыз, бәрі қызық. Қыс болса қашан суға шомыламыз деп, жазды аңсаймыз, жаз болса қашан сырғанақ тебеміз деп, қысты сағынамыз.

Ерте көктем. Топ бала жазғы суға шомылуға дайындық жасамақпыз. Биік жарқабақтан суға секіруге. Неге, демекшісің ғой. Ол бір ерекше бәсеке. Себебі біз өзен жағасында тұрамыз. Көктемде өзенді бөгеп төменгі жақтағы шабындық, ауыл көшелеріндегі бау-бақшаларға су жіберу үшін су қоймасын жасайды. Содан өзен арнасы кеңейіп, ағыны баяулап, ұзындығы бір екі шақырымдық үлкен көлшік пайда болады. Жазда, күн ыстықта ауыл адамдары ағылып келіп суға түсіп жатады. Сол кезде біз құрбыларымызға өзіміздің жүзгіштік, сүңгу, жардан секіру өнерімізді көрсетіп, мақтанып қалуымыз керек.

Ал, қазір көктемнің басы, қар толық кете қоймаған, әлі су суық. Дайындықты қайда жасаймыз. Ойлана, ойлана амал таптық. Қысқа малға жинаған мая шөптен секіріп жаттығуымыз керек. Шіркін, балалық ай. Бір топ бала біздің үйдің маясынан төмен қарай шашылған шөпке секірмейміз бе. Алдымен аяқпен секірдік. Енді баспен секіруге керек. Мен бастап кеттім. Секірдім баспен төмен қарай.... Сөйтсем сәл мұлт кетіппін. Жұмсақ шөпке емес жанында шөп астында әлі еріп үлгермеген, еріген қардан қатып қалған мұзға барып қадалмаймын ба...

Есімнен танып қалыппын...

Оны кейін білдім.

Сондағы менің басымнан өткергенім... Айнала тым тырыс, танадай. Отыр екенмін. Баяу орнымнан тұрдым. Алдымда бес, алты метр жерде аспанан дөп - дөңгелек шеңбер аппақ сәуле түсіп тұр. Көлемі екі, екі жарым метрдей. Тілмен жеткізу қиын ау... Есейгенде шет ел фильмдерінен осындай оқиғаларды



көріп таң қалатынмын. Ақырын басып сәуленің ішіне кірдім... ортасы мөп - мөлдір, жоғары қарай қуыс. Бойымды бір жеңілдік, тыныштық биледі. Жаным адам таң қаларлықтай рахат сезімге бөленді. Мұрныма, дүниеде жоқ бір тәтті иіс келеді.. /кейінен бақсам сәл ванилиннің иісіне ұқсас/. Жоғары қараймын. Көкке көтеріліп кеткім келеді.. Сәл қимылдасам қалықтап ұшып кете баратын сияқтымын.../бәрі бүгінгідей есімде./ Екі ойлы боп тұрғанымда құлағым менің атымды атап шақырған дауыстар естіп бөгіліп қалдым. Көзімді аштым. Жерде отырмын. Айналамда балалар. "Сіламғазы тұр, тұрлап" жатыр. Мен дел - сал, не болғанын ұқпаймын. Әйтеуір есімді жидым.. Міне осы оқиға әлі күнге дейін есімнен шыққан емес...

Екінші оқиға

Азамат кезім, отыздар шамасындамын. Жанұям, бала-шағам бар. Жазғы демалыс кезі, малға жем-шөп дайындайтын уақыт. Шілде айы. Сол жылы жаз қуаң болып жазыққа шөп нашар шықты. Амалсыз тау беткейінен қол шалғымен шөп шабуымызға тура келді. Бір адамға ауыр болғандықтан, азаматтар бір - бірімізге көмектесіп қия беткейлерден жер бөліп алып, шөп шаптық. Беткей тік. Шөпті шауып түскеннен шалғыны көтеріп қайта төбеге шыққаның бір тозақ. Енді шабылған

шөпті жинап, төмен түсіріп алуымыз керек. Жанымда үлкен ұлым Айдын бар. Оқушы бала. Екеулеп айырмен жинақтап шөпті төмен қарай қуалаймыз. Күні бойы шөп жинаймыз. Жиырма шақырымдай тауға велосипедпен келеміз. Өбден діңкелеп шаршаймыз. Бала тұрмақ үлкен адам менің өзім мұрттай ұшамын. Бір күні балам "Аға, қалған шөпті ауылдан трактор әкеліп жинап алайықшы"-деді.

Ол кезде мектепте біраз техника бар болатын. Бір ДТ тракторы, екі белорус, бір Т- 25 тракторы. Бір Газ - 51 машинасы. Жазық жерден шөп дайындағанымызда Т- 25 тракторын мен айдайтынмын. Артында шөп итеретін құрылғысы бар. Балама "жарайды"- деп, соны айдап келетін болдық.

Ертеңіне тракторды сұрап алып бөкелеген шөпті біртіндеп төбенің астыңғы жағынан жазықтау жерге түсіре бастадым. Жоғары көтерілген сайын қиындай берді. Ортан бөлікке жете трактор жанына қарай тайғанап, сырғанап бастады. Қорқыныш ұялады. Неғұрлым мол алынса дейді ау, Айдын "Аға тағы бір қатар жүріңізші"-деп, қояды. "Қой балам, өлмей тұрғанда қояйын"-деп тоқтаттым. Ол кезде тракторда қайдағы аккумулятор, итеріп от алдырамыз. Сол үшін қияға төмен қаратып, тежегішке басып, скоросқа салып қойдым. Түскі асымызды ішіп, кішкене мызғып алайын десем көлеңке жоқ. Трактордың

көлеңкесіне жата кеттім. Қалғып кетіппін. Біраз уақыт өткен шығар... Не түс не өңім екені белгісіз, жатқан орнымнан жедел көтеріліп жотаның орта бөлігіне көтерілдім. Онда біраз тұрып жан - жағыма көз жүгірттім де, лып етіп төбенің басына көтерілдім. Айналаның бәрін көріп тұрмын. Қарағайлы тау аңғары, төменде тұрған анау ауыл, сонау көз ұшына дейін созылып жатқан етек, жазық. Не керек бәрі, бәрі көрінеді. Тамаша табиғат. Менің өзім жеп- жеңілмін. Әншейін бу сияқты ма, жұдырықтай бұлт сияқтымын ба бірдеңе. Сабынның көбігі сияқты, кішкентай көбік мені көтеріп жүрген сияқты ма, түсініксіз дүние. Көзім төменге түсті... Етекке қарай итеріп жіберсе жүріп кетердей трактор тұр. Жанында ұлым отыр. Жарты денемді сыртқа жіберіп, жарты денем трактордың астында, ұзыннан созылып мен жатырмын. Бәрін көріп тұрмын, бәріне қызықтап қарап тұрмын. Бір уақытта басыма сап етіп ой келе қалды. "Мен, ана жерде жатсам мұнда төбе басында қалай тұрмын"- деген. Сол сол - ақ екен найзағайдың жайындай ма, атқан оқтан да жылдам ба деймін, төмен қарай зу ете қалдым... Жатқан орнымнан ауа жетпей тұншығып атып тұрдым. Тер басып кетіпті, малмандай сумын. Артыма қарасам басым тура артқы үлкен дөңгелектің астында жатыпты. Трактор жүріп кетсе басымды езіп - ақ тастайтындай. Балам, "Аға, жаман түс көрдіңіз бе", "Не болды, аға"- деп, сұрап жатыр. "Ия"-деймін. Өзім түк түсінсем бұйырмасын... Дел - салмын. Есімді өзгер жинадым. Басымда мың сұрақ... Міне бастан өткізгенім. Ал, осыны кім, қалай түсіндіріп береді...

Осы екі оқиғадан жасаған қорытындым шариғатта айтылатын жан мен тәннің бөлек екендігіне көз жеткізіп, ұғынғандай болдым.. Ертеден - ақ құлағымыз естіп жүрген жан мен тәнің бір - біріне қонақ екендігіне осы дәлел ме деймін...

Яғни, фәни жалған - тәннің мекені, бақи - мәңгі жанның мекені болғаны да... Басқа ой келмейді.

**Сламғазы ҚАЗАНБАЕВ,
ардагер ұстаз.
Алматы қаласы.**

Туризм

Путешествие по Джунгарскому Алатау

Отдых - это не только безделье и времяпрепровождение на любимом диване. Давно известно, что лучшим способом отдохнуть являются путешествия. Не обязательно уезжать в далекие заморские страны, ведь и рядом с вашим городом, рядом с вашим домом существуют прекрасные места - лес и горы, степи и реки, озера и рощи...

Активный отдых позволяет нам увидеть новые места, прикоснуться к историческим и культурным достопримечательностям, получить яркие впечатления.

На Земле мало таких замечательных мест. Возьмем Жетысуйский Алатау (Джунгарский Алатау). Это большая горная страна в центре Азии, на территории четырех государств: России, Казахстана,

Китая и Монголии. 30.04.2010 году на территории трех административных районов - Аксуского, Саркандского и Алакольского, был создан «Жонгар-Алатауский» Государственный Национальный Природный Парк - общей площадью 356022га. Девственный уголок природы на окраине Алматинской области: высочайшие горы, чистейшие реки, бурлящие водопады, изумрудные озера и местная самобытность.

Природа данного парка, манит живописными плодовыми и хвойными лесами, обилием редких и эндемичных видов флоры и фауны. Самые девственные уголки парка - такие как Ледник Джамбула, Абая расположенные в истоках р. Баскан, а также ледники Берга и Сатпаева расположенные в бассейне р. Лепсы.

Изумрудные озера такие как «Верхний и Нижний Жасылколь», расположенные на высоте 2262 м. Но чтобы увидеть их близко, услышать шум и грохот падающих со склонов лавин и бурных рек, полюбоваться их отражением в горных озерах, надо пройти дикоплодовые сады Яблони Сиверса которые произрастают на территории Сарканского филиала Тополевского лесничества и хвойные леса, каменные осыпи, завалы и альпийские луга. С какой стороны не подойдешь, при виде флоры и фауны охватывает чувство восторга, трепета и восхищения.

Данный парк находится на территории Алматинской области, если глянуть в историю древнего Казахстана, то можно узнать что многие тысячелетия назад се-

лились первобытные люди, зарождалась культура кочевников, появился первозданный язык тюрков. Здесь в средние века проходил Великий шелковый путь. Непременная деталь ландшафта высокогорных степей - многочисленные курганы, каменные изваяния, наскальные рисунки. Уникальны курганы - могилы родовых и племенных вождей VI-III вв. до н. э. Но для серьезного путешественника, все это лишь «чемоданный отдых». Если он ищет открытий и ярких впечатлений, то «Жонгар-Алатауский» Государственный Национальный Природный Парк предлагает своим посетителям этот «Райский» уголок земли, где каждый посетитель может насладиться величием природы, первозданностью и ощущением вечности.

К.ЕРБАЕВ,
государственный инспектор
Басканского лесничества
Сарканского филиала.



27 имам

аттестаттаудан өтті

Имамдардың білім деңгейін анықтап, біліктілігін арттыру мақсатында жақында аттестаттау өтті. Оған 27 азамат қатысты. Олар алдағы уақытта тиісті бұйрық шыққан жағдайда аймақтың имамы жоқ мешіттеріне қызметке жіберілетін болады. Бұдан бөлек, биыл Нұр-Мүбәрәк университетінің және медресе бітірген түлектерді қызметке тарту әлі жалғасып жатыр.

Дегенмен, бүгінде кадр тапшылығы имамдар қауымдастығының да арасында бар. Атап айтсақ, өңірдегі 12 ауылдық мешітте имам жоқ.

Білікті имамдар корпусын қалыптастыру мақсатында Дін істері басқармасының тапсырысымен шілде айында 1.Жансүгіров атындағы Жетісу университеті базасында имамдарды оқыту курсы басталып, өткізілуде.

Одан бөлек, имамдарды қызметке тарту бағытында өңірге өткен жылы 9 имам, биылғы жылы 12 имам қызметке тартылды.



Діни атрибутикамен мектепке кіруге рұқсат жоқ

2023-2024 оқу жылында мектепке хиджап тағып келетін оқушылар саны 23-ке жеткен. Мамандар тиісті жұмыстар жүргізіп, нәтижесінде 23 оқушының 8-і өз ұстанымында қалып, қалғаны ортақ киім үлгісіне көшкен.

2024 жыл басынан оқу жылы соңына дейін 8 оқушы қызбен тиісті жұмыстар жүргізіліп, 2 оқушының ата-анасына, ҚР Әкімшілік құқық бұзушылық туралы Кодексінің 409 бабы, 2 тармағына әйкес әкімшілік хаттама толтырылып, 5 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салынды.

Дін істері басқармасы басшысының айтуынша, мектептерде зайырлы қағидаттар сақталуы тиіс. Бұл Ғылым және жоғары білім министрлігінің тікелей алға қойған мақсаты. Осы бағытта республика бойынша мектептің ережелеріне өзгертулер мен толықтырулар енгізілуде. Яғни, діни атрибутикамен мектепке кіруге рұқсат жоқ. Алдағы уақытта азаматтар осыны ескерсе екен дейді спикер.

Егін жинау кезінде сақ болыңыздар

Астық жинау жұмыстарын жүргізу кезінде өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету ерекше маңыздылықты қажет етеді. Өрт қысқа уақытта астық қорын жоюы мүмкін. Астық-жинау кезінде өрт қауіпсіздігі ережелерін білу және қатаң орындау өрттің алдын-алудың маңызды шарты болып табылады.



Егін жинау кезінде және ол аяқталғаннан кейін, өрттің пайда болуының негізгі себептері:

- Отты абайсыз қолдану;
- Фермерлердің сабанды рұқсатсыз жағуы;
- Қолданыстағы техниканың электр ақаулығы;
- Ұшқын сөндіргіштердің жоқтығы;

Далалық жұмыстарды жүргізу кезінде қойылатын негізгі өрт қауіпсіздігі талаптары:

- 1.Барлық дала жұмыстарына қатысатын тұлғалар өрт қауіпсіздігі талаптарын сақтау туралы нұсқаулықпен танысуы тиіс.
- 2.Өрт сөндіру құралдары нормаға сәйкес болуын және қолдануға дайын болуын, дереу пайдалану үшін мүмкіндік жасалуы тиіс.
- 3.Уақытша электр жарықтандырығыштар тоқ және жоғарғы кернеулі электр желілері егін және орман алқаптарынан 100 метр арақашықтықта орналасуы керек, дала қостары және егін алқаптары ені 4 метрден кем емес жолағымен жыртылады.

Жұмыс жүргізу кезінде, егін алқаптары маңайында, сондай-ақ, жанында сабанды және шөпті өртеуге тыйым салынады.

Мұнай өнімдерімен толтыру және газ-электрмен дәнекерлеу жұмыстарын жүргізу арнайы құрғақ шөптен, жанғыш қоқыстан тазартылған алаңдарда жүзеге асырылуы тиіс. Ол ені 4 метрден кем емес жолақпен жыртылған, құрылыстардан 50 метр және шөп, сабан тоқ желілерінен 100 метр ара-қашықтықта жүргізілуі тиіс. Жанармай құю жұмыстары кезінде қозғалтқыш өшірілуі тиіс. Түнгі уақытта машиналарға жанармай құюға тыйым салынады.

Өрт шыққан жағдайда ең алдымен, «101» немесе «112» нөміріне қоңырау шалыңыз. Есіңізде болсын, осы ережелерді қатаң ұстансаңыз өз өміріңіз бен дүние мүлкіңізді сақтай аласыз.

РАХМАРОВ,
Сарқан ауданы ТЖБ бас маманы,
азаматтық қорғау аға лейтенанты.

Тәрбиеші - бала жанының бағбаны

Балабақша - балаға тәрбие негіздерін қалыптастыратын тұңғыш мектеп. Баланың екінші үйі. Бала - ұрпақ, бала-қуаныш, бала-болашағымыз. Балабақшадағы тәрбие мен білім балалардың мінезін, қабілетін ерте дамытады.

«Тәрбиеші» балаларға ересек әлемге есік ашатын сиқыршы. Адамның өміріндегі орны-өзінің артында сенің ізінді жалғастыратын тамаша бір «ұрпақ» қалдыру. Сол саналы «ұрпақ» артымыздан ерген балаларымыз. Осы балаларға деген сүйіспеншілік маған осы мамандықты таңдауыма себепкер болды. Сондықтан тәрбиеші болу, менің өмірімдегі орным деп санадым.Өртүрлі еркеліктер мен тәтті сөздер, пәк сезімдер тоғысатын, әрі мектепке дейінгі оқу-іске дайындық дағдысы қалыптасатын құтты мекен-ол балабақша.

Менің негізгі мақсатым-балаларға жақсы көңіл-күй сыйлай отырып, саналы тәрбие, сапалы білім беру. Өзімді жұмыс барысында балаларға бағыт беруші, жол сілтеуші сезінемін.

Тәрбиеші болу барлық мамандықтың иесі болумен тең; мен мұғалім, дәрігер, биолог, эколог, сәулетші, заңгер, спортшы, сахнагер, әнші де боласыз. Өйткені, бала әлемімен өмір сүресің, олардың барлық сұрақтарына жауап тауып, қиын жағдайда көмек көрсетің, жарақаттарын емдеп, барлық проблемаларды әділ шешуге тырысасың.

ТӘРБИЕШІ! Бұл әрдайым үлкен өріптермен жазылуға тиіс мағыналы сөз деп танымын. Тәрбиеші - баланың жан дүниесін қалыптастыратын және оның жақсы қасиеттерінің өсуіне себепкер болатын және баланың сана-сезімін, жүрегін, жанын азықтандыратын адам.

Қорыта келе, тәрбиеші болудың ең басты міндеті-өз еліміздің тұғырын биікке көтеретін азаматтарды тәрбиелеп шығару деп ойламын.

Мен өз мамандығымды мақтан тұтамын.

Аймгуль ЖУМАСИЛОВА,
Әл-Фараби атындағы орта мектебі «Балдырған»
шағын орталығының аға тәрбиешісі.

Олимпиада күнделігі

Біздің жерлесіміз – 19 жастағы мерген Дәулеткелді Жаңбырбай

Садақ атудан ұлттық құраманың ең жас мүшесі Дәулеткелді Жаңбырбай өзінің алғашқы Олимпиада-сында жекелей сындағы іріктеу кезеңінде 668 ұпай жинады. Алайда колумбиялық Хорке Энрикеске есе жіберді.



Дәулеткелді Алматы облысы Сарқан ауданы Аманбектер ауылында

дүниеге келген. Спортқа, оның ішінде, садақ атуға деген қызығушылығы арманшыл ауыл баласын үлкен спортқа алып келді. 12 жасында қолына садақ алған жеткіншек араға 8 жыл салып, төртжылдың ең ірі жарысында Қазақстан намысын қорғады.

Дәулеткелді садақ атуды бала күнінен армандап, спорттың осы түріне келді. Әрине, кішкентай ауылдан шығып, ұлттық құрама деңгейіне жету үшін үлкен еңбек керек. Алғашқы олимпиадасы сәтсіз аяқталғанымен алдыдағы ірі додаларда жарып шығарына сенеді.

Ерсайын ТҰРСЫН,

Л.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің студенті.



2 спортшы қатысады

2024 жылдың 8-14 қыркүйек күндері аралығында Астана қаласында өтетін 5-ші Дүниежүзілік көшпенділер ойындарына Жетісу облысының тарапынан «Бірлік керуені» жобасының «Аймақтық керуен» бағыты бойынша қатысушылары іріктелді. 5-ші Дүниежүзілік Көшпенділер ойынына облысымыздан қазақ күресі спорт түрінен 2 спортшының қатысуы жоспарлануда.

5-ші Дүниежүзілік көшпенділер ойындарының аясында облысымыздың аудан, қаларында ұлттық спорт түрлерінен әр түрлі 25-ке жуық спорттық іс-шаралар өткізілді.

Спорт

6 дене шынықтыру-сауықтыру кешені қолданыста



Осы жылға жергілікті бюджеттен 9 спорттық нысан құрылысына 3,7 млрд.теңге қаражат бөлінді. Оның ішінде Текелі қаласында дене шынықтыру-сауықтыру кешенінің және Қаратал ауданы Көпбірлік ауылында блокты-модульды спорттық кешенінің құрылыс жұмыстары аяқталып, қолданысқа берілді. Талдықорған қаласындағы орталық стадионның қайта жаңғырту жұмысының құрылыс-монтаждау жұмыстары аяқталды. Сондай-ақ, Талдықорған қаласында волейбол спорт түріне арналған оқу-жаттығу спорттық кешенінің құрылысы аяқталды. Ал жеке инвестор есебінен Талдықорған қаласында спортшыларға арналған 40 орынды жатахана және Үстел теннис орталығының құрылысы қарқынды түрде жүргізілуде.

Бүгінде өңірдің спортшылары барлық деңгейлі жарыстардан бой көрсетіп жүр. Атап айтсақ, халықаралық, республикалық, облыстық жарыстардан 914 медаль жеңіп алды

Спортшыларға қолдау көрсету мақсатында жарыстарда жоғары нәтижелер көрсеткен үздік 214 спортшыға 55 мың теңгеден 443 мың теңгеге дейін ай сайын ақшалай жабдықталым төленуде.

2024 жылғы Париждегі XXX жазғы Олимпиада ойындарына садақ атудан облыс спортшылары Абдулин Ильфат, Еременко Александр, Жаңбырбай Дәулеткелді, велоспорттан Евгений Федоров және дзюдодан Берлікаш Камила қатысуда.



Білекті жігіттер күш сынасты

Жуырда Черкасск ауылдық округінде ауыл тұрғындары арасында қол күрестен ауыл біріншілігі ұйымдастырылған болатын.

Сайыстың ашылу салтанатында Черкасск ауылдық округі әкімшілігінің бас маманы Нургалиев Берікбосын сөз сөйлеп, спортшыларға сәттілік тіледі.

Білекті де жүректілер сынға түскен жарыс нәтижесі бойынша Сағымбай Ильяс I орын иегері атанса, Молдағазиев Диаз II және Нургалиев Берікбосын III орынға табан тіреді.

Жеңімпаздар грамота және медальдармен марапатталды.

ӨЗАРА МЫҚТЫНЫ АНЫҚТАДЫ



Қойлық ауылдық округінің спорт нұсқаушысының ұйымдастыруымен жақында жасөспірімдер арасында бір көтеруден ауыл біріншілігі өткізілді. Аталған жарысты Қойлық ауылдық округі әкімдігінің маманы Барысбек Дюсембеков салтанатты түрде ашты. Жарыстың мақсаты жасөспірімдердің демалыс кезіндегі уақытын тиімді өткізіп, спортқа тәрбиелеу.

Жарысқа 6 спортшы қатысып, өзара мықтыны анықтады. Жарыс нәтижесінде I-орынды Күрішбаев Амирхан, II-орынды Садырбай Мәди, III-орынды Шынар Абылайхан иеленді. Жарыс қызықты әрі тартысты өтті.

Өз тілшіміз.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің картасы

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің картасында өңірдің әлеуметтік тұрақтылығына әсер ететін, мемлекеттік органдардың атына халық тарапынан қоғамдық резонанс пен сынмен сүйемелденетін 9 бағыт айқындалған. Бүгінде оның 8-і қамтылып, өзекті мәселелерді оңтайландыру жүйесі жолға қойылды.

«Жалпы, біздің облыста жемқорлықтың сегіз бағыты қамтылды. Атап айтсақ, денсаулық сақтау, білім, әлеуметтік қолдау, фискалдық сала, экология, жол, бизнес, спорт салалары. Осы ретте картада көрсетілген әрбір сала бойынша департамент тарапынан тиісті жұмыстар жүргізілуде. Бірінші жартыжылдықта қам-тылмаған салаларға баса назар аударатырып, алдағы кезеңге арналған міндеттермен өңірдің тәуекелдер картасы бойынша жұмыс айқындалды. Олар:

- экология саласы – құм-қиыршық тас қоспасын заңсыз өндіру бөлігінде;

- инфрақұрылым саласы – су, жылу, газбен жабдықтауға, кәріз-тазарту желілеріне қаражат жұмсау.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін болдырмау және сыбайлас жемқорлық фактілерінің жолын кесу мақсатында өңірде мониторингтеуді және жедел сүйемелдеуді жалғастырамыз», - деді ҚР Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің Жетісу облысы бойынша департаменті басшысы Саян Қылышұлы.

94 медициналық нысан іске қосылады

Денсаулық сақтау саласын дамыту мақсатында осы жылдың бірінші жартыжылдығында облыстағы бірқатар медицина мекемелері жаңа құрал-жабдықпен толықты. Бұл жөнінде Денсаулық сақтау басқармасының басшысы А.Жансәгіров мәлімдеді:

Сала маманы есепті кезеңде Жетісу облысында 94 медициналық нысан іске қосылатынын, оның 59-ы «Ауылда денсаулық сақтауды жаңғырту» Ұлттық жобасы шеңберінде берілетінін, алғашқы медициналық-санитарлық көмек желісін кеңейту үшін ауылдық жерлерде 27 блокты-модульді нысан тұрғызылатынын атап

өтті.

Бұдан бөлек, облыстың медициналық ұйымдарының материалдық-техникалық базасын жақсарту мақсатында 28 медициналық техника сатып алынды. «СК-Фармация» ЖШС Бірыңғай дистрибьюторы арқылы құны 20 млн. теңгеден асатын медициналық техниканы, сонымен қатар, облыстық кардиологиялық орталыққа ангиограф құрылғысы сатып алу жоспарлануда.

Мамандардың біліктілігін арттыру мақсатында алғашқы медициналық-санитариялық қызметтің 20 маманы оқитудан өтті. Ал көрсетілетін медициналық көмекті жақсарту үшін

облыс мамандары шетелдік клиникаларда тәжірибеден өтті. Атап айтсақ, Германияның Дюссельдорф қаласындағы клиникаға төрт маман, 4 акушер-гинеколог маманы Ресей Федерациясының Санкт-Петербург қаласына оқуға жіберілді.



Сібір жарасы (Anthrax, топалаң сибирская язва) - жіті өтетін, күйдіргі тектес қабыну ретінде байқалатын, адам мен жануарға ортақ жедел жұқпалы ауру. Ол дене қызуының көтерілуімен, лимфа жүйесінің зақымдалуымен және ағзаның ауыр түрде улануымен сипатталады. Сібір жарасы терілік, өте сирек ішектік, өкпелік және сепсистік формада өтуі мүмкін. Бұл ауру малдың әр түлігінде өзінше аталып келді, жылқыда - жамандат, талақ, сиырда - қарабез, түйеде - шелек немесе ақ шелек деп аталады.

Сібір жарасын адамға жұқтырушы көз – үй жануарлары (ірі қара мал, қой, ешкі, түйе, шошқа) болып табылады. Адамға аурудың жұғу жолы көбінесе жанасу арқылы (малды сою кезінде терісін түсіруде немесе мал терісін өңдеуде) және бактерияның спораларымен ластанған тағамдар мен ауыз суын ішп-жеуде және ластанған топырақты егістікте қолдануда жұғуы мүмкін. Ал ауру адамнан адамға жұқпайды. Ауырған малды лажсыздан союдың да қаупі мол. Сойылған малдың еті, терісі, қаны, ластанған жем-шөп арқылы ауру үлкен қашықтыққа апарылады. Қоздырушының таралуына етқоректі жануарлар мен жыртқыш құстар да белгілі дәрежеде қатысады.

Сібір жарасы жануарларда клиникалық белгілері әдетте жіті, сирегірек жітіден төмен өтеді. Аса жіті негізінен қой мен ешкіде, сирегірек жылқы мен сиырда байқалады. Ауырған мал кенеттен, аурудың клиникалық белгісі байқалып үлгермей-ақ, өліп кетеді. Мұндай жағдайда қой еңтігіп, дірілдеп-қалшылдап, кейде орнында секіріп барып құлайды да, бірер минуттың ішінде өледі. Мұрны мен аузынан қанды көбік ағып жатады. Жылқы мен сиыр еліріп, одан кейін тез басылады. Еңтігіп, солығын баса алмай дем алады, тамыры жиі соғып, кілегейлі қабықтары көкшілденіп, дене қызуы 41-42°C жетеді. Аурудың жіті өрбуі кезінде сиыр мен жылқыда дененің қызуы көтеріліп (41° дейін), тыныс алуы мен тамырдың соғуы жиілеп, бұлшық еттері дірілдейді. Мал жем-

Сібір жарасынан сақтанайық



шөптен қалып, ірі қара күйіс қайтаруын тоқтатып, сауын сиырлардың сүті қайтады. Жылқының ішегі түйіледі, ірі қараның таз қарны кебеді. Кейде іш қатып, не керісінше, қан аралас іш өтіп, несепте қан байқалады. Жануар тез әлсіреп, тынысы тарылып, кілегейлі қабықтары көгеріп, қанталай бастайды. Аузы мен тілінің кілегейлі қабығында қанды жалқақ байқалады. Ауру белгілері білінгеннен соң 2-3 күн өткенде мал өледі. Өлер кезінде мұрны мен аузынан қанды көбік шығады. Жітіден төмен өрбігенде (6-8 күнге дейін) жоғарыдағы сипатталған белгілері баяулап өрбиді де артынша оның жағдайы қайтадан нашарлап, ақыры өліммен бітеді.

Ауру қоздырғыштары ағзадан тыс жерде тек ауаның әсерінен пайда болатынын ескере отырып, өлген жануардың терісін кесуге болмайды және өлексені аң-құстардың тасуына жол берілмеу керек. Егер жануарларда ауру белгілері пайда болса, дереу ветеринарға жүгіну керек. Инфекцияның одан әрі таралуын болдырмау үшін адамдар мен жануарлардың ауру жануармен, ластанған топырақпен және басқа да ластанған қоршаған орта заттарымен байланысын болдырмау қажет. Сібір жарасымен ауырып қалған мал

немесе одан өнім алынған болса, оларды жою жөнінде шұғыл шаралар қабылданады, мәйіттер өртенеді, залалданған объектілер зарарсыздандырылады. Себебі, мұның салдарынан жаңа ошақтар пайда болуы мүмкін.

Сібір жарасы ауруының алдын алу үшін

-Ауыл шаруашылық жануарларын күтіп баптау ережелерін қатаң сақтау (қажетті қоражаймен, сапалы жем-шөп қорын қалыптастыру, жаз айларында мал тұрған орындарға механикалық тазалық жасап, залалсыздандыру жұмыстарын жүргізу);

-Ауладағы мал басының есебін жүргізіп отыру, осы орайда мал басын төлімен қоса бірдейлендірумен қамтамасыз ету;

-Жақын ауданнан, облыстардан келген ауыл шаруашылық жануарларды №1 үлгідегі құжатпен тасымалдау және 21 күндік профилактикалық бақылауға қою;

-Алыс жақын шетелдерден әкелінетін ауыл шаруашылық жануарларды ветеринария қызметіне алдын ала хабарлап, тиісті карантиндік шараларды өткізу;

-Ауруға бейім жануарлардың ірі тобы жылына 1 рет егілуі тиіс. Ал олардың төлдері 3 айдан бастап

егіліп, қайталап 6 ай өткеннен кейін егілуі тиіс, ал құлындар 9 айдан бастап егіледі;

- Ауыл шаруашылық жануарларын вакциналанғаннан кейін күнтізбелік 14 күн ішінде ветеринардың бақылауында болады және осы уақыт аралығында сібір жарасына егілген малдарды союға болмайды, өлген малдар өртеліп жойылады.

Сіздердің тараптарыңыздан аулада кенеттен белгісіз себептерден 1 мезгілде бірнеше жануар ауырған немесе әдеттен тыс мінез көрсеткен жағдайда, малдарды басқа малдардан оқшаулау қажет. Және тиісті ветеринария мамандарына дереу хабарлау керек.

Жеке және заңды тұлғалар мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспекторларға кедергісіз жануарларды көрсетуге және берілген нұсқама талаптарын орындауға міндетті. Кейіннен өткізуге арналған малдарды тек есептік нөмірлері бар сою алаңдары, сою пункттері немесе ет өңдеу орындарында сойылуды қамтамасыз ету керек, сойылатын малдарды міндетті түрде ветеринар маманның сою алдында және сойғаннан кейін клиникалық қараудан өткізуді қамтамасыз ету керек.

Құрметті аудан тұрғындары! Сібір жарасынан эпизоотиялық тұрақтылықты қамтамасыз етудің басты шарасы вакцинациялау жұмысын уақытылы жүргізу болып табылады. Бұл шара сіздердің ветеринар мамандарға жәрдем көрсетулеріңізбен тығыз байланысты. Сонымен қатар жоғарыда көрсетілген шараларды орындау, баршамыздың міндетіміз болып табылады.

Жоғарыда айтылған мәселелер бойынша туындаған сұрақтарыңыз болса, 8(728392)2-18-54, 8(728392)2-18-02 телефоны арқылы ақпарат алуға болады.

**Г.БАХЫТОВА,
ҚР АШМ ВБЖҚ Сарқан аудандық аумақтық инспекциясының бас маманы.**

Бақылау кеңесінің құрамын іріктеу бойынша конкурс өткізу туралы хабарландыру

«Жетісу облысы білім басқармасы» мемлекеттік мекемесінің «Сарқан көпсалалы колледжі» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны бақылау кеңесінің құрамын тағайындау туралы байқаудың басталғанын хабарлаймыз!

Мекен-жайымыз: Сарқан қаласы, Тынышбаева №35 Б. Байланыс номері: 8705 309 35 85; 3-40-51 Ресми сайты - Sarkand_kol@mail.ru

Негізгі қызметінің сипаттамасы – Кәсіпорындар қызметінің негізгі мәні ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтар, ғылым мен тәжірибе жетістіктері негізінде тұлғаны қалыптастыруға, дамытуға және кәсіби қалыптастыруға бағытталған білім алу үшін қажетті жағдайлар жасау болып табылады.

Білім беру саласындағы шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорындардағы байқау кеңесіне сайланатын адамдарға қойылатын талаптарда жоғары білімнің, сондай-ақ мынадай талаптардың бірінің болуы шарт:

- 1) білім беру саласында кемінде он жыл жұмыс тәжірибесі;
- 2) білім беру саласындағы Басшы жұмыс тәжірибесі (заңды тұлғаның басшысы немесе оның орынбасарлары) кемінде бес жыл;
- 3) білім беру саласындағы қоғамдық бірлестіктерге мүшелік.

2. Мынадай:

- 1) соттылығы өтелмеген немесе алынбаған;
- 2) заңды тұлғаны банкрот деп тану туралы шешім қабылданғанға дейін бір жылдан астам осы заңды тұлғаның басшысы болған;
- 3) бұрын сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жасаған;
- 4) байқау кеңесінің басқа мүшесімен немесе мемлекеттік кәсіпорын басшысымен жақын туыстық және туыстық қатынастағы адамды байқау кеңесінің мүшесі ретінде сайлауға болмайды.

Құжаттар тізімі:

- 1) конкурсқа қатысу туралы өтініш (еркін нысанда жазылған);
- 2) мемлекеттік және орыс тілдеріндегі түйіндеме;
- 3) өмірбаян (еркін нысанда жазылған);
- 4) үміткердің жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі;
- 5) жоғары білімі туралы құжаттың көшірмесі;
- 6) 2015 жылғы 23 қарашадағы Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің 35-бабына сәйкес жұмыскердің еңбек қызметін растайтын құжаттың көшірмесі;
- 7) Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу комитетінің аумақтық бөлімшелері берген соттылығы және сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтары жоқ екендігін растайтын құжаттар.

Конкурсқа қатысушы өзінің біліміне, жұмыс тәжірибесіне, кәсіби деңгейіне қатысты қосымша ақпаратты (біліктілігін арттыру, ғылыми дәрежелер мен атақтар беру, ғылыми жарияланымдар, осының алдындағы жұмыс орнының басшылығынан ұсыным) беруіне болады.

Қатысушы конкурстық өтінімінің түп нұсқасын конвертке жапсырады, оны "түпнұсқа" деп белгілейді. Бұл конвертте қатысушының тегі, аты, әкесінің аты (бар болса) және мекенжайы көрсетіледі. Осыдан кейін конверт сыртқы конвертке мөрленеді.

Ішкі және сыртқы конверттер:

- 1) Сарқан қаласы, Тынышбаев көшесі №35 Б.
- 2) "Жетісу облысының білім басқармасы" мемлекеттік мекемесі "Сарқан көпсалалы колледжі" ШЖҚ МКК Байқау кеңесі мүшелерінің конкурсы және "2024 жылғы 26 тамызда 10 сағат 00 минутқа дейін ашпау" деген сөздерді қамтуға міндетті.

Конкурстық өтінім Сарқан қаласы, Тынышбаевкөшесі №35 Б. мекенжайына мемлекеттік және /немесе орыс тілдерінде жыберіледі.

Құжаттарды қабылдаудың басталу күні-2024 жылғы" 01 " Тамыз.

Құжаттарды қабылдаудың аяқталу күні: 2024 жылғы " 26 " Тамыз.

Анықтама телефондары: 8 705 309 35 85; 3-40-51.



ЕСКЕ АЛУ

Есімізде әріптес жылы жүзің...

"Ы.Алтынсарин", "Білім беру саласының үздігі", "ҚР Еңбек сіңірген қызметкері", "Ел егемендігіне қосқан ерен еңбегі үшін" төсбелгілерінің иегері, Сарқан ауданының Құрметті азаматы, "ҚР Құрметті азаматы" төсбелгісінің иегері, бар саналы ғұмырын білім беріп, ұрпақ тәрбиесіне арнаған аяулы жан **Сергазина Білім Бабашқызының** бұл өмірден өткеніне де жылға жуықтап қалыпты.

Адамның артында қалатын өшпес ізі - ол жасаған ісі, адал еңбегі, адамшылығы мен жақсылығы қанша уақыт өтсе де бұл қасиеттерді бағалайтын уақыт пен халық.

Ұстаз жолы - ұлағатты да қиындығы мен қызығы қатар жүретін қызмет. Осы қызметті абыройлы атқарып, елдің есінде шәкірттерінің жүрегінде мәңгі қалған ұлағатты ұстаз-Сергазина Білім Бабашқызы. Өйткені өзінің биязы мінезімен, жағымды дауысымен, білімділігі мен әдептілігі астасқан, шәкірттерінің жүрегіне терең бойлаған Білім Бабашқызының бейнесі әріптестерінің де есінде мәңгі қалмақ. Ұстаздыққа қадам басқан алғашқы күннен бастап, алдына келген әрбір шәкірттің жан дүниесіне үңіліп, олардың сабаққа деген қызығушылығын арттыруда мол теориялық білімі мен бай тәжірибесінің арқасында үлкен нәтижеге қол жеткізді. Талай әдістемелік жарыстар мен семинарларда өз жобасын ұсынып, білімімен бөлісті. Математика саласына белсене кірісіп, өз соқпағы мен сүрлеуін бастады. Сол сүрлеу М.Мәметова атындағы орта мектебінде 40 жыл еңбекке ұласты. Саналы ғұмырын білім саласына арнаған майталман маман өскелең ұрпаққа сапалы білім мен саналы тәрбие берудегі ерен еңбегі, зор үлесі үшін аудан, облыс, республика көлемінде лайықты бағаланды. Өмірдің бір орында өзгеріссіз тұрмайтыны белгілі ғой өткен жылы қыркүйек айында әріптесіміз ойламаған жерден мәңгіліктің мекеніне аттанып кетті. Уақыт шіркін сыныптай жүйрік күндер жылжып ортамыздан кеткеніне жылда болды. Қолтаңбасы қалған тақталар, жүйрік қаламдары мен тың ой түйген ақ қағаздар, мектептегі жүріп өткен жолдары Білім Бабашқызын еріксіз еске түсіреді. Амал қанша сіздей жақсы адамдар ұзақ жүрсе болар еді. Сіздің жарқын бейнеңіз әріптестеріңіз бен шәкірттеріңіздің есінде мәңгі қалады. Жатқан жеріңіз жайлы, иманыңыз жолдас болсын!

Г.ҚАСЕНОВА.

Көктерек ауылы.

Объявление о проведении конкурса по отбору членов наблюдательного совета

Государственное коммунальное предприятие на праве хозяйственного ведения «Саркандский многопрофильный колледж» государственного учреждения «Управление образования области Жетісу» объявляет конкурс по отбору членов Наблюдательного совета

Место и дата проведения конкурса: город Сарқан, улица Тынышбаева №35 Б. Тел. 8 705 309 35 85; 3-40-51; Сайт - Sarkand_kol@mail.ru

Краткое описание основной деятельности вышеуказанных предприятий: Основным предметом деятельности предприятий является создание необходимых условий для получения образования, направленных на формирование, развитие и профессиональное становление личности на основе национальных и общечеловеческих ценностей, достижений наук и практики.

Требования, предъявляемые к лицам, избираемым в наблюдательный совет в государственных предприятиях на праве хозяйственного ведения в сфере образования, включают наличие высшего образования, а также одного из следующих требований:

- 1) опыта работы не менее десяти лет в сфере образования;
- 2) опыта руководящей работы (руководитель юридического лица или его заместитель) не менее пяти лет в сфере образования;
- 3) членства в общественных объединениях в сфере образования.

В качестве члена наблюдательного совета не избирается лицо:

- 1) имеющее непогашенную или неснятую судимость;
- 2) являвшееся руководителем юридического лица более одного года до принятия решения о признании данного юридического лица банкротом;
- 3) ранее совершившее коррупционное правонарушение;
- 4) находящееся в отношениях близкого родства и свойства с другим членом наблюдательного совета или руководителем государственного предприятия.

Для участия в конкурсе, необходимо представить следующие документы:

- 1) заявление об участии в конкурсе (в произвольной форме);
- 2) резюме на государственном и русском языках;
- 3) автобиография (в произвольной форме);
- 4) копия документа, удостоверяющего личность кандидата;
- 5) копия документа о высшем образовании;
- 6) копия документа, подтверждающая трудовую деятельность работника согласно статье 35 Трудового кодекса Республики Казахстан от 23 ноября 2015 года;
- 7) документы, подтверждающие отсутствие судимости и коррупционных правонарушений, выданные территориальными подразделениями Комитета по правовой статистике и специальным учетам Генеральной прокуратуры Республики Казахстан.

Участник конкурса может представить дополнительную информацию, касающуюся его образования, опыта работы, профессионального уровня (копии документов о повышении квалификации, присвоении ученых степеней и званий, научных публикациях, рекомендации от руководства предыдущего места работы).

Участник запечатывает оригинал конкурсной заявки в конверт, пометив его: «Оригинал». На этом конверте указываются фамилия, имя, отчество (при его наличии) и адрес участника. После этого конверт запечатывается во внешний конверт.

Внутренний и внешний конверты должны:

- 1) быть адресованы город Сарқан, улица Тынышбаева №35 Б.
- 2) содержать слова «Конкурс членов наблюдательного совета ГКП на ПХВ «Саркандский многопрофильный колледж» государственного учреждения «Управление образования области Жетісу» и «Не вскрывать до 10 часов 00 минут «26» августа 2024 года».

Конкурсная заявка направляется по адресу: город Сарқан, улица Тынышбаева №35 Б. на государственном и/или русском языках.

Дата начала приема документов – «01» августа 2024 года.

Дата завершения приема документов «26» августа 2024 года.

Телефоны для справок: 8 705 309 35 85; 3-40-51.

Хабарландыру / Объявление

► **Көлемі 10 сотық коммерциялық жер сатылады.** Құжаттары дайын. Сарқан қаласында орталықтан қашық емес, бизнес жүргізуге қолайлы жерде, Абай мен Пушкин көшелерінің қиылысында орналасқан. 100 шаршы метрлі үлкен қазақ үйлер және 60 шаршы метрлі кіші қазақ үйлер, 30 шаршы метрлі тапшандар, 40 шаршы метрлі беседка, әжетханасы, үйі де бар. Екі жерге тартылған суы, көлік тұрағы, түгелдей қоршалған жер жазда кәсіп ашуға немесе дүкен салуға өте ыңғайлы. **Бағасы 22 млн теңге, келісім бар. Мына телефондарға хабарласыңыздар: 8702 1945120, 8777 3742851, 87018513026.**

► **Продается жилой дом на даче Красный камень. Участок 13 соток. Находится ближе к мосту, маршрут номер 14. Цена 5500000тт. Варианты. Обмен на скот. Срочно. Тел. 87772558372, 87081709112, 87078362279.**

► **Сыдыков Айтмухамбет Толновгазыевичтің** атына тіркелген Сарқан ауданы, Екіаша ауылы, Аманжолов көшесі №93 үйдің 15 сотық көлемді жерінің кадастрлық нөмірі 03-263-050-198 жер пайдалану құқығын беретін мемлекеттік тіркеу актісі жоғалуына байланысты жарамсыз деп танылсын.

► Жеке нотариус Алиева Асем Избасаровна 30.06.2024 жылы қайтыс болған азамат **Шылымбаев Кемелханның** мүлкіне мұрагерлік істің тіркелгенін хабарлайды. Мұра қалдырушының қайтыс болған күнінен бастап санағанда 6 ай мерзім ішінде мұрагерлер нотариусқа өтініштерін тапсырулары қажет.

► **Нурмухамбетов Марат Кыстаубаевичтің** атына тіркелген Сарқан ауданы, Көктерек ауылдық округінде орналасқан 2000.0000 га көлемді жерінің кадастрлық нөмірі 03-263-069-136 жер пайдалану құқығын беретін №1145935 мемлекеттік тіркеу актісі жоғалуына байланысты жарамсыз деп танылсын.